

Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне атқарушылық іс жүргізу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 5 мамырдағы N 409-II заңы

1-бап. Қазақстан Республикасының мына заң актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1. "Қазақстан Республикасында бағалы қағаздармен жасалған мәмілелерді тіркеу туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 5 наурыздағы Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., N 5, 53-құжат; N 13-14, 205-құжат; 1998 ж., N 17-18, 224-құжат; 2001 ж., N 8, 52-құжат; N 15-16, 238-құжат; 2002 ж., N 17, 155-құжат):

28-баптың 2-тармағы "негізінде прокурорға" деген сөздерден кейін ", сондай-ақ атқарушылық іс жүргізуді қозғау туралы қаулының негізінде сот орындаушысына" деген сөздермен толықтырылсын.

2. "Сот приставары туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 7 шілдедегі Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., N 13-14, 201-құжат):

1) 4-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"4-бап. Сот приставарының қызметін ұйымдастыру және оларды тағайындау тәртібі

1. Сот приставарының бөлімшелерін:

1) жергілікті соттарда - атқару құжаттарын орындауды қамтамасыз ету жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган (бұдан әрі - уәкілетті орган);

2) Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сотында - Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының Төрағасы құрады.

2. Сот приставарының бөлімшелеріне аға сот приставары басшылық етеді.

Аға сот приставы:

1) өзі басқаратын бөлімшенің жұмысын ұйымдастырып, оған бақылау жасайды және сот приставарына жүктелген міндеттердің орындалуына дербес жауапты болады;

2) жоғары түрған ұйымдардың және лауазымды адамдардың бұйрықтарының, әдістемелік ұсыныстарының, нұсқаулары мен өкімдерінің орындалуын ұйымдастырады;

3) бағыныстылық тәртібімен сот приставарының іс-әрекетіне жасалған шағымдарды қарайды.

3. Жергілікті соттарда сот приставарының қызметіне ұйымдастырушылық және

әдістемелік басшылықты уәкілетті орган жүзеге асырады.

Уәкілетті орган:

- 1) сот приставарының жұмысын ұйымдастырады;
- 2) сот приставары кадрларын оқытумен, олардың кәсіби даярлығын арттырумен айналысады;
- 3) сот приставары қызметінің тәжірибесін қорытады, осы негізде әдістемелік ұсыныстар өзірлеуді;
- 4) сот приставары қызметінің статистикалық есебін жүргізумен айналысады;
- 5) басқа мемлекеттік және құқық қорғау органдарымен атқару құжаттарын орындауды және соттар қызметінің белгіленген тәртібін қамтамасыз ету мәселелері бойынша өзара әрекет жасауды қамтамасыз етеді;
- 6) сот приставарының бөлімшелерін материалдық-техникалық қамтамасыз етуді жүзеге асырады.

4. Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сотында сот приставарының қызметіне ұйымдастырушылық және әдістемелік басшылықты Қазақстан Республикасының Жоғарғы Соты жүзеге асырады.

5. Жергілікті соттарда сот приставарын уәкілетті орган қызметке тағайындейды және қызметтен босатады.

Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сотында сот приставарын Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының Төрағасы қызметке тағайындейды және қызметтенн босатады.

6. Сот приставары бөлімшелерінің штат санын тиісінше уәкілетті органның басшысы және Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының Төрағасы Қазақстан Республикасының Президенті бекітетін штат саны шегінде бекітеді.";

2) 7-баптың 2-тармағының 8) тармақшасы "адамдарды" деген сөзден кейін "сот орындаушысына немесе атқарушылық іс-әрекеттер жасалатын жерге" деген сөздермен толықтырылсын;

3) 8-баптың 6-тармағының екінші сөйлемі мынадай редакцияда жазылсын:

"Сот приставарының бөлімшелерін қарумен және арнаулы құралдармен қамтамасыз ету тиісінше уәкілетті органға және Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сотына жүктеледі.";

4) 12-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"12-бап. Сот приставарының қызметін бақылау

Жергілікті соттарда сот приставарының қызметін бақылауды уәкілетті орган жүзеге асырады.

Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сотында сот приставарының қызметін бақылауды Қазақстан Республикасының Жоғарғы Соты жүзеге асырады.".

3. "Ақша төлемі мен аударымы туралы" Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 29 маусымдағы Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1998 ж., N 11-12, 177-құжат; N 24, 445-құжат; 2000 ж., N 3-4, 66-құжат; 2003 ж., N 4, 25-құжат):

20-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"20-бап. Сот актісін және сот орындаушысының сауалын орындау ерекшеліктері

1. Қазақстан Республикасы сотының жеке тұлғадан ақша өндіріп алу туралы сот актісі, осы баптың 6-тармағында көзделген жағдайды қоспағанда, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің сот істі қарайтын жердегі тиісті бөлімшелеріне үсінілады.

2. Сот орындаушысының заңды тұлғаның банк шоттарының бар екендігі және олардың нөмірлері, сондай-ақ заңды тұлға құрмай кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын жеке тұлғаның ағымдағы шоттары жөніндегі ақпаратты сұратып алуы туралы прокурор санкция берген сауалы, осы баптың 6-тармағында көзделген жағдайды қоспағанда, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің атқару құжаты орындалатын жердегі тиісті бөлімшелеріне беріледі.

3. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі сот актісін немесе сот орындаушысының сауалын алғаннан кейін үш жұмыс күні ішінде олардың көшірмелерін орындау үшін барлық банктерге жібереді.

4. Банктер аталған құжаттарды алған күннен кейінгі операциялық күннен кешіктірмей ақша өндіріп алынатын тұлғалардың банк шоттарының бар екендігі не олардың жоқ екендігі туралы мәліметтерді сотқа (сот орындаушысына) жіберуге міндетті. Банк шоттарының бар екендігі туралы мәліметтер банк шоттарының барлық қажетті деректемелері мен олар бойынша қалдықтардың мөлшерін қамтуға тиіс.

5. Сот (сот орындаушысы) банктерден аталған мәліметтерді алғаннан кейін ақша өндіріп алу туралы сот актісін орындау жөніндегі міндет жүктелетін банкті (банктерді) айқындауды және сондай банкке (банктерге) тиісті атқару құжатын қоса тіркей отырып нұсқау жібереді.

6. Егер сот орындаушысының ақша өндіріп алынуға тиісті тұлғаның банк шотында ақшаның бар екендігі туралы мәліметі болса, онда сот орындаушысының тиісті атқару құжаты қоса тіркелген нұсқауы Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бөлімшелеріне түспей, тікелей тиісті банкке орындауға ұсынылады".

4. "Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы" Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 30 маусымдағы Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1998 ж., N 13, 195-құжат; N 24, 436-құжат; 1999 ж., N 23, 922-құжат; 2000 ж., N 3-4, 66-құжат; N 6, 142-құжат; 2002 ж., N 17, 155-құжат):

1) 1-бапта "шаруашылық" деген сөз "әкімшілік" деген сөзben ауыстырылсын;

2) 4-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"4-бап. Атқарушылық іс жүргізу органдары

1. Осы Заңның 5-бабында тізіп келтірілген атқару құжаттарын орындау атқару құжаттарының орындалуын қамтамасыз ету жөніндегі уәкілетті органның аумақтық органдары мен бөлімдерінің сот орындаушыларына жүктеледі.

2. Заңда көзделген жағдайларда атқару құжаттарын орындау сот приставтарының жәрдемдесуімен жүзеге асырылады.

3. Өзге органдар, ұйымдар мен лауазымды адамдар атқару құжаттарын мәжбүрлеп орындану жөніндегі атқарушылық іс-әрекетті бұл жайында заңда тікелей нұсқау болғандаған жүзеге асырады.";

3) мынадай мазмұндағы 4-1-баппен толықтырылсын:

"4-1-бап. Атқарушылық іс жүргізу органдарының жүйесі және құзыреті

1. Атқарушылық іс жүргізу органдарының жүйесін:

1) атқару құжаттарын орындауды қамтамасыз ету жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган (бұдан әрі - уәкілетті орган);

2) уәкілетті органның облыстардағы, Астана және Алматы қалаларындағы аумақтық органдары (аумақтық органдар);

3) аумақтық органдардың аудандардағы, қалалардағы және қалалардағы аудандардағы бөлімдері (аумақтық бөлімдер) құрайды. Аумақтық бөлімдердің банктерде ағымдағы шоттары, сондай-ақ мөрлөрі мен мөртабандары болуы мүмкін.

2. Уәкілетті органның өкілеттіктері мен қызмет тәртібі Қазақстан Республикасының Президенті бекітетін ережемен айқындалады.

Уәкілетті органның аумақтық органдарының және аумақтық бөлімдерінің өкілеттіктері мен қызмет тәртібі уәкілетті орган бекітетін ережелермен айқындалады.";

4) 5-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"5-бап. Атқару құжаттарының тізбесі

1. Мыналар атқару құжаттары болып табылады:

1) сот актілерінің негізінде берілетін атқару парақтары;

2) Қазақстан Республикасының азаматтық іс жүргізу заңдарына сәйкес берілетін сот бұйрықтары;

3) Қазақстан Республикасының аумағында халықаралық, шетелдік соттардың және төрелік соттардың шешімдерін мәжбүрлеп орындану туралы сот актілерінің негізінде берілетін атқару парақтары;

4) Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінде көзделген жағдайларда әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша шығарылған сот қаулылары;

5) Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінде көзделген жағдайларда әкімшілік құқық бұзушылық жөніндегі істерді қарастыруға уәкілетті органның (лауазымды адамның) қаулысын мәжбүрлеп орындану туралы соттардың

қ а у л ы л а р ы ;

- 6) талаптарын мәжбүрлеп орынданту турагында прокурордың қаулысы;
- 7) Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайларда өзге де
о р г а н д а р д ы н қ а у л ы л а р ы .

2. Атқару құжаты жоғалған жағдайда атқару құжатын берген орган Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген тәртіппен беретін оның дубликаты өндіріп алу үшін негіз болып табылады.";

5) 6-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"6-бап. Мәжбүрлеп орынданту шараларын қолдану негіздері

Сот орындаушысы осы Заңмен белгіленген тәртіппен өзінің іс жүргізуіне қабылдаған атқару құжаты мәжбүрлеп орынданту шараларын қолдануға негіз болып табылады.";

6) 7-баптың 1 және 2-тармақтары мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Атқару құжаттары мәжбүрлеп орындантуға мынадай мерзімдерде:

1) сот актілері негізінде берілетін сот бұйрықтары мен атқару параптери - үш жыл
і ш і н д е ;

2) әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша шығарылған сот қаулылары -
егер заңмен өзге мерзімдер белгіленбесе, бір жыл ішінде;

3) әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істерді қарауға уәкілетті органның (лауазымды адамның) қаулысын мәжбүрлеп орынданту туралы сот қаулылары - бір жыл
і ш і н д е ;

4) прокурордың қаулылары - үш ай ішінде берілуі мүмкін.

2. А т а л ғ а н м е р з і м д е р :

1) мүлікті өндіріп алу бөлігінде сот актілері негізінде берілген атқару параптарын орындау кезінде - сот актің заңды күшіне енген не сот актісін орындаудың мерзімін ұзарту немесе оған мәulet беру кезінде белгіленген мерзім аяқталғаннан кейінгі күннен бастап, ал сот актісі дерек орындалуға тиіс болған жағдайларда - ол шығарылғаннан кейінгі

күннен бастап ;

2) әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша шығарылған сот қаулыларын орындау кезінде - қаулы шығарылған күннен бастап;

3) әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарауға уәкілетті органның (лауазымды адамның) қаулысын мәжбүрлеп орынданту туралы сот қаулыларын орындау кезінде - мәжбүрлеп орынданту туралы шешім қабылданғаннан кейінгі күннен бастан;

4) қалған атқару құжаттарының барлығы бойынша - олар берілгеннен кейінгі күннен бастап есептеледі.";

7) 8 - б а п т а :

1-тармақтың 2) тармақшасындағы "үзіледі" деген сөз алып тасталып, нұктенің орнына нұктелі үтір қойылсын, мынадай мазмұндағы 3) тармақшамен толықтырылсын:

"3) борышкерді іздестіру кезінде үзіледі.";

3-тармақ "жұргізілмеген, өндіріп алушыға қайтарылмаған күннен бастап" деген сөздер "жұргізілмей, ол өндіріп алушыға қайтарылған күннен бастап" деген сөздермен ауыстырылып, осы сөздерден кейін ", не өндірушінің борышкердің тұратын жерін анықтаған немесе өндірушінің борышкердің тұратын жерін анықтағандығы туралы хабарлаған күннен бастап" деген сөздермен толықтырылсын;

8) 9-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Атқару құжатын орындауға ұсынуға арналған мерзімді өткізіп алған өндіріп алушы сот актісін шығарған сотқа немесе орындалатын жердегі сотқа өтіп кеткен мерзімді қалпына келтіру туралы өтініш жасауға құқылы.";

9) 10-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"10-бап. Атқару құжатын іс жүргізуге қабылдау

Сот орындаушысы өзіне занда белгіленген талаптарға сәйкес келетін атқару құжаты келіп түскеннен кейін ұш тәуліктен кешіктірмей атқарушылық іс жүргізуді қозғап, бұл туралы қаулы шығады.

Сот орындаушысы сонымен бір мезгілде атқару құжаттарын қамтамасыз ету жөнінде осы Заңда көзделген шараларды қабылдайды.

Бұл орайда сот орындаушысы борышкердің дәлелді жазбаша өтініші бойынша, дереу орындалуға тиіс атқару құжаттарын қоспағанда, атқару құжатын ерікті орындау үшін атқарушылық іс жүргізу қозғалған күннен бастап бес күн мерзім белгілейді.";

10) 11-баптың 1-тармағындай:

"Құжат" деген сөз "Атқару құжаты" деген сөздермен ауыстырылсын; "ұш күн мерзімде" деген сөздер "бір күн ішінде" деген сөздермен ауыстырылсын; мынадай мазмұндағы сөйлеммен толықтырылсын:

"Қайтару туралы қаулыда атқару құжаты қайтарылып отырған негіздер көрсетілуге тиіс.";

11) 12-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"12-бап. Атқарушылық әрекеттерді орындау мерзімдері

1. Атқару құжаттары бойынша орындау атқарушылық іс жүргізу қозғалған күннен бастап екі ай мерзімде аяқталуға тиіс, бұған мерзімді өндіріп алу туралы атқару құжаттары, сондай-ақ заң актілерінде өзге де орындау мерзімдері белгіленген жағдайлар қосылмайды.

2. Құрылыштарды бұзуға, технологиялық операцияларды жүргізуге байланысты атқару құжаттары бойынша, сондай-ақ мамандарды тарта отырып мүлікті бағалауды, сараптама жүргізуді, сауда-саттық өткізуді, борышкердің мүлкін іздестіруді талап ететін мүліктік өндіріп алу туралы атқару құжаттары бойынша орындау төрт ай мерзімде аяқталуға тиіс.

3. Осы Занда көзделген негіздер бойынша атқару құжаттарын орындау тоқтатыла түрған, мерзімі ұзартылған, мәulet берілген не кейінге қалдырылған уақыт атқарушылық іс жүргізу мерзіміне кірмейді.";

1 2) 1 4 - б а п т а :

"өтініші бойынша" деген сөздерден кейін "он күнге дейінгі мерзімге" деген сөздермен

толықтырылсын;

"немесе сот орындаушылары органының басшысы" деген сөздер алып тасталсын;

13) 15-бап мынадай мазмұндағы сөйлеммен толықтырылсын:

"Осы баптың 7) және 8) тармақшаларында көзделген жағдайларда тізімдемеден шығару (мұлікке тыйым салудан босату) туралы талап қойылған мұліктің бөлігінде ғана атқарушылық іс-эрекет тоқтатыла түрады не оны бағалау нәтижелері дауланады.";

1 4) 1 6 - б а п т а :

1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"1) сот орындаушысы, өндіріп алушы немесе борышкер сот актісін түсіндіру туралы, не орындау мерзімін ұзарту және оған мәulet беру туралы, сот актісін орындау әдісі мен тәртібін өзгерту туралы өтініш жасаған";

4) тармақшадағы "шағым берілген" деген сөздер "өндіріп алушы, борышкер сотқа шағым берген" деген сөздермен ауыстырылсын;

5) тармақша алып тасталсын;

7) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"7) борышкер не өндіріп алушы елді мекен шегінен, соның ішінде Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінде, басқа да әскерлері мен әскери құрылымдарында мерзімді әскери қызмет өткеруіне байланысты тыс жерде жүрген жағдайларда да тоқтатыла түрүү мүмкін.";

1 5) 1 7 - б а п т ы ң 2) тармақшасында :

" 5)," саны алып тасталсын;

"іссапардан қайтқанда, демалыстан қайтқанда" деген сөздер "іссапардан, демалыстан, мерзімді әскери қызметтің аяқталуына байланысты Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінен, Қазақстан Республикасының басқа әскерлері мен әскери құрылымдарынан қайтқанға" деген сөздермен ауыстырылсын;

"немесе борышкерге іздеу салынғанға" деген сөздер алып тасталсын;

1 6) 1 8 - б а п т а :

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Борышкердің жүрген жері белгісіз болған жағдайда сот орындаушысы ішкі істер органдары немесе қаржы полициясы арқылы борышкерді іздестіруді жариялау туралы ұсыныспен сотқа жүгінуге міндетті. Бұл ретте атқару құжатының түпнұсқасы өндіріп алушыға қайтарып беріледі, ол атқару құжатын борышкердің жүрген жері анықталған кезде мәжбүрлеп орындатуға беруге құқылы, көшірмесі борышкер іздестірілетін кезеңде сот орындаушысының бақылауында болады.";

мынадай мазмұндағы 1-1-тармақпен толықтырылсын:

"1-1. Борышкерді іздестіруді сottың үйғарымы бойынша Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен ішкі істер және қаржы полициясы органдары жүзеге асырады.";

1 7) 2 0 - б а п т а :

1-тармақтың 5) тармақшасындағы "тоқтатылады" деген сөз алып тасталып, нүктенің орнына нүктелі үтір қойылсын, мынадай мазмұндағы 6), 7), 8) тармақшалармен

т о л ы қ т ы р ы л с ы н :

"6) өндіріп алушы немесе борышкер болып табылған заңды тұлғаны тарату аяқталса

;

7) атқару құжатының өндіріп алу немесе өзге де талабы толық көлемінде орындалса

;

8) заттарды өндіріп алушыға беру туралы атқару құжатын орындау кезінде өндіріп алушы борышкерден алып қойылған заттарды алудан бас тартса, тоқтатылады.";

2 - т а р м а қ :

"Атқарушылық іс жүргізу тоқтатылған жағдайларда" деген сөздерден кейін "бұл туралы сот орындаушысы қаулы шығарады және" деген сөздермен толықтырылсын;

"қайта бастауға болмайды" деген сөздердің алдынан ", атқару құжатының орындауға берілу мерзімін сот қалпына келтірген жағдайларды қоспағанда," деген сөздермен толықтырылсын;

18) мынадай мазмұндағы 20-1-баппен толықтырылсын:

"20-1-бап. Атқарушылық іс жүргізудің аяқталуы

А т қ а р у ш ы л ы қ i c ж ү р г i з u :

1) осы Заңның 21-бабында аталған негіздер бойынша атқару құжаты қайтарылған;

2) осы Заңның 20-бабында аталған негіздер бойынша атқарушылық іс жүргізу т о к т а т ы л ғ а н ;

3) соттың немесе құжат берген басқа органның талабы бойынша атқару құжаты орындалмай қайтарылған жағдайларда аяқталды деп есептеледі.";

1 9) 2 1 - б а п т а :

1 - т а р м а қ т а :

3) тармақшасындағы "немесе соттың шешімінде аталған белгілі бір заттарды борышкерден алудан" деген сөздер алып тасталсын;

4) тармақшасындағы ", сот үйғарымы бойынша борышкерге іздеу салу жағдайларын қоспағанда," деген сөздер алып тасталсын;

4) тармақшасындағы "өндіріп алушыға қайтарылады" деген сөздер алып тасталып, нүктенің орнына нүктелі үтір қойылсын, мынадай мазмұндағы 5) тармақшамен т о л ы қ т ы р ы л с ы н :

"5) егер сот борышкерге қатысты іздеу жарияласа, өндіріп алушыға қайтарылады.";

20) 23-бап "сот орындаушысы" деген сөздерден кейін ", сондай-ақ өндіріп алушы немесе борышкер" деген сөздермен толықтырылсын;

21) 24-баптың 3-тармағындағы "борышкердің жаңа тұрғылықты жері" деген сөздерден кейін ", оның жаңа жұмыс орны, жаңа орналасқан жері бойынша не борышкер мүлкінің жаңа тұрған жері" деген сөздермен толықтырылсын;

22) 25-баптың 2-тармағындағы "сот рұқсатымен және" деген сөздер алып тасталсын ;

23) 32-баптың 3-тармағындағы "органның" деген сөз "аумақтық органның" деген сөздермен ауыстырылсын;

24) 33-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"33-бап. Атқару құжаттарын орындауды қамтамасыз ету жөніндегі атқарушылық іс-әрекет жасау негіздері

Сот орындаушысы атқару құжаттарының орындалуын қамтамасыз ету жөнінде өз бастамасы бойынша шаралар қолдануға құқылы, ал өндіріп алушының өтініші бойынша шаралар қолдануға міндетті.";

25) 34 - б а п т а :

1-тармақтың 1) тармақшасының екінші бөлігі алып тасталсын; мынадай мазмұндағы 4-тармақпен толықтырылсын:

"4. Атқарушылық іс жүргізуді тоқтата тұру, кейінге қалдыру, мерзімін ұзарту немесе мәulet беру атқару құжаттарын орындауды қамтамасыз ету жөнінде бұрын белгіленген шараларды жоюға әкеп соқпайды.";

26) 40-баптың 1-тармағы "тұрады" деген сөзден кейін ", бұл жөнінде борышкердің мүлкіне тыйым салу туралы қаулы шығарылады" деген сөздермен толықтырылсын;

27) 41-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"41-бап. Борышкер мүлкінің тізімдемесі

1. Сот орындаушысы өндіріп алушыға берілетін соманы және орындау жөніндегі шығындарды өтеуге қажетті мөлшерде борышкердің мүлкін тізімдейді. Сот орындаушысы тізімдеуге түскен заттарға сүргі салуы мүмкін.

2. Мүлікті тізімдеу борышкердің және куәгерлердің қатысуымен жүргізілуге тиіс. Атқарушылық іс-әрекет жасалатындығы туралы алдын ала хабарланған борышкер болып табылатын жеке тұлға немесе занды тұлғаның өкілі болмаған жағдайда, тізімдеу куәгерлердің қатысуымен жасалады.

3. Мүліктер тізімдемесіне әр заттың атауы, оның ерекше белгілері (салмағы, метражы, тозу дәрежесі, бұйымның таңбасы және өзге де көрсеткіштері), әр заттың жеке-жеке бағасы және барлық мүліктің құны енгізіледі.

Тізімдемеге оны жасау кезінде қатысқан адамдар қол қояды.";

28) 42 - б а п т а :

1-тармақтың 5) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"5) мүлікті тізімдеу туралы нұсқау (тізімдеуді кім жүргізді, оны жасау кезінде

қатысқан адамдар, тізімделген мүліктің жалпы құны);";

2-тармақта "және оны жасау кезінде қатысқан адамдар" деген сөздер алғы тасталып, "қол қояды" деген сөздерден кейін "қаулыға мүліктің тізімдемесі қоса тіркеледі" деген сөздермен толықтырылсын;

29) 47 - баптың 2 - тармағында:

"әділет" деген сөз алғынып тасталып, "органының" деген сөз "органның" деген сөзбен ауыстырылып, одан кейін "немесе аумақтық бөлімнің" деген сөздермен т о л ы қ т ы р ы л с ы н ;

"депозиттік", "Депозиттік" деген сөздер тиісінше "ағымдағы", "Ағымдағы" деген сөздермен ауыстырылсын;

30) 53-баптағы "республикалық немесе облыстық ресми баспасөз органдарында" деген сөздер "ресми хабарларды жариялауға құқығы бар мерзімді баспасөз басылымдарында" деген сөздермен ауыстырылсын;

31) 56-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"56-бап. Сауда-саттық өткізілмеді деп жариялау салдары

1. Сауда-саттық өткізілмеді деп жарияланған жағдайда өндіріп алушыға бастапқы бағасы жиырма процентке төмендетілген бағамен мүлікті өзінде қалдыру құқығы б е р і л е д і .

2. Сауда-саттық өткізілмеді деп танылған және өндіріп алушы мүлікті өзінде қалдырудан бас тартқан жағдайда сот орындаушысы осы Занда белгіленген ережелерді сақтай отырып, қайтадан сауда-саттық өткізуі тағайындалды. Бұл орайда қайталама сауда-саттық үшін белгіленген баға қатысуышылардың біреуі сауда-саттыққа шығарылған мүлік құнының алғашқы бағасының елу процентін төмен болмауға тиіс жарияланған бағамен мүлікті сатып алуға келіскең кезге дейін хабарланған ретпен т о м е н д е т і л е б е р е д і .

3. Қайтадан сауда-саттық өткізілмеді деп жарияланған жағдайда мүлік өндіріп алушыға соңғы жарияланған бағамен ұсынылады. Өндіріп алушы сатылатын мүлікті өзінде қалдырудан бас тартқан жағдайда бұл мүліктен тыйым алғы тасталады.";

32) 59 - бапта :

"Бірнеше" деген сөз кіші әріппен жазылып, оның алдынан "Бір немесе" деген сөздермен т о л ы қ т ы р ы л с ы н ;

"50 проценті" деген сөздер "елу проценті" деген сөздермен ауыстырылсын;

33) 60 - бапта :

2-тармақтағы "Еңбекпен түзеу" деген сөздер "Түзеу" деген сөзбен ауыстырылсын; мынадай мазмұндағы 3-тармақпен толықтырылсын:

"3. Сотталушы негізгі жаза түрінде тағайындалған айыппұл төлеуден қасақана жалтарса, сот орындаушысы үкім шығарған сотқа Қазақстан Республикасының қылмыстық заңдарына сәйкес төленбеген айыппұл сомасын басқа жазаға ауыстыру туралы ұсыныс жіберуге құқылы.";

3 4) 6 2 - б а п т а :

мынадай мазмұндағы 1-1), 1-2) тармақшалармен толықтырылсын:
"1-1) асыраушысынан айрылуына байланысты балаларға берілетін жәрдемақы
түрінде борышкер алатын сомалардан;

"1-2) мүгедек балаларға берілетін жәрдемақы түрінде борышкер алатын сомалардан;
";

6) т а р м а қ ш а д а :

"сыйлықтан," деген сөз алып тасталсын;
ресми тілдегі түзетудің қазақ тіліндегі мәтінге қатысы жоқ;
7), 8) тармақшалар алып тасталсын;
мынадай мазмұндағы 9-1) тармақшамен толықтырылсын:
"9-1) арнайы мемлекеттік жәрдемақылардан өндіріп алуға болмайды";
10) тармақша алып тасталсын;

35) 63-баптың 3-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Егер борышкер бұл кезеңде жұмыс істемесе немесе оның табысын және өзге де
кірісін растайтын құжаттар ұсынылмаса, алимент бойынша берешек берешекті өндіріп
алу кезіндегі Қазақстан Республикасындағы орташа айлық жалақы мөлшеріне сүйеніп
а й қ ы н д а л а д ы .

Бас бостандығынан айыру орындарында жазасын өтеп жүрген адамдар үшін, егер
борышкер бұл кезеңде жұмыс істемесе, алимент бойынша берешек бір айлық есептік
көрсеткіш мөлшерінде айқындалады.";

36) мынадай мазмұндағы 67-1-баппен толықтырылсын:

"67-1-бап. Борышкерді белгілі бір іс-әрекетті жасауға
немесе оларды жасаудан тартынуға міндеттейтін
атқару құжаттарын орындау

Борышкерді тек өзі ғана жасай алатын іс-әрекетті жасауға немесе оларды жасаудан
тартынуға міндеттейтін атқару құжатын орындау кезінде сот орындаушысы
борышкерге мерзім белгілей отырып, осындаі іс-әрекет жасау туралы хабарлама
немесе оларды жасаудан тартыну қажеттігі туралы хабарлама жібереді.

Борышкер сот орындаушысының талаптарын белгіленген мерзімде орындаған
жағдайда сот орындаушысы борышкерді Қазақстан Республикасының заңдарында
көзделген жауапкершілікке тарту жөнінде шаралар қолданады.";

37) мынадай мазмұндағы 68-1, 68-2-баптармен толықтырылсын:

"68-1-бап. Борышкерді қоныс аударту туралы атқару
құжатын орындау

1. Борышкерді қоныс аударту туралы атқару құжаты сот орындаушысы белгілеген
мерзімде орындалмаған жағдайда қоныс аударту куәгерлердің қатысуымен мәжбүрлі
түрде жүзеге асырылады .

2. Сот орындаушысы борышкерді қоныс аударту уақыты туралы ресми түрде

хабардар етеді. Қоныс аударту уақыты туралы тиісінше хабардар етілген борышкердің болмауы атқару құжатын орындауға кедергі болмайды.

3. Қоныс аударту кезінде босатылатын үй-жайдан шығарылатын мүліктердің тізімдемесі жасалады және қажет болған жағдайларда шыққан шығын борышкерге жүктеліп, оны сақтау қамтамасыз етіледі.

68-2-бап. Өндіріп алушыны қоныстандыру туралы

атқару құжатын орындау

1. Сот орындаушысы өндіріп алушыны атқару құжатында көрсетілген үй-жайға қоныстандыруды қамтамасыз етеді.

Сот орындаушысы өндіріп алушыны және борышкерді қоныстандыру уақыты туралы ресми түрде хабардар етеді. Қоныстандыру уақыты туралы тиісінше хабардар етілген борышкердің болмауы атқару құжатының орындалуына кедергі болмайды.

2. Өндіріп алушыны қоныстандыру актімен ресімделеді және куәгерлердің қатысуымен жүргізіледі. Қоныстандыру туралы актінің нысанын уәкілетті орган бекітеді.";

38) 69-баптың 2-тармағындағы "депозиттік" деген сөз "ағымдағы" деген сөзben ауыстырылсын;

39) 74-баптың 2-тармағы мынадай мазмұндағы 6-1) және 8-1) тармақшалармен тоғолықтырылсын:

"6-1) өндіріп алынған соманы ағымдағы шоттан беруге байланысты банк шығынына ; " ;

"8-1) атқарушылық іс-әрекеттерді жасау кезінде сот орындаушысының қоғамдық көліктің барлық түрлеріндегі - қалалық, қала маңындағы және жергілікті қатынастағы (таксиден басқа) "қол шығынына";

4 0) 7 5 - б а п т а :

1-тармақ "борышкерден" деген сөзден кейін "өндіріп алушы немесе мемлекет пайдасына" деген сөздермен толықтырылсын;

4, 5-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Бюджет қаражаттары есебінен келтірілген шығыстарды өндіріп алушы және оларды сондай шығыс жасаған органға немесе адамдарға өтеуді сот орындаушысының ұсынысы және шыққан шығындарды растайтын құжаттар негізінде сот жүргізеді.

5. Сот орындаушысының ұсынысын борышкер мен өндіріп алушыны хабардар ете отырып сот қарайды, алайда тиісінше хабардар етілген жағдайда олардың келмеуі істі қарауға кедергі болмайды. Сот үйғарымының көшірмесі борышкер мен өндіріп алушыға үш күн мерзімде жіберіледі. Соттың үйғарымына жеке шағым берілуі немесе наразылық білдірілуі мүмкін.";

41) 76-баптағы "депозиттік" деген сөз "ағымдағы" деген сөзben ауыстырылсын;

42) 77-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"77-бап. Атқару санкциясы

1. Атқару құжаты толық мәжбүрлеп орындалғаннан кейін сот орындаушысы өндіріп алынған соманың немесе мүлік құнының он проценті мөлшерінде борышкерден немесе мүліктік емес сипаттағы атқару құжаттары бойынша он айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде жеке тұлғалардан және жиырма айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде занды тұлғалардан атқару санкциясын өндіріп алу туралы ұсыныс шығарып, оны сотқа жібереді.

Сот борышкерді сот орындаушысынан келіп түскен ұсыныс туралы хабардар етеді, сот отырысы өтетін уақыт пен орынды хабарлайды. Сот отырысы өткізілетін уақыт пен орын туралы тиісінше хабардар етілген борышкердің келмеуі істі қарауға кедергі болмайды.

2. Атқару санкциясы республикалық бюджетке аударылады.";

4 3) 8 1 - б а п т а :

1-тармақтағы "соттар мен басқа да органдардың қаулыларын" деген сөздер "сот актілері мен басқа да органдардың актілерін" деген сөздермен ауыстырылсын;

2 - т а р м а қ т а :

"соттар мен басқа да органдардың қаулыларын" деген сөздер "сот актілері мен басқа да органдардың актілерін" деген сөздермен ауыстырылсын;

"меншік нысанына қарамастан" деген сөздер алып тасталсын;

4 4) 8 2 - б а п т а :

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Сот орындаушысын мемлекеттік қызметшінің бос орнына орналасуға жарияланған конкурстың нәтижесі бойынша аумақтық органның басшысы қызметке тағайындейді және қызметтен босатады.";

2 және 3-тармақтар алып тасталсын;

4 5) 8 3 - б а п т а :

1 - т а р м а қ т а :

"білімі" деген сөзден кейін "бар, Қазақстан Республикасының зандарында қойылатын біліктілік талаптарына сәйкес келетін, өзінің іскерлік және жеке басының қасиетімен, сондай-ақ денсаулық жағдайы бойынша өзіне жүктелген міндеттерді орындауға қабілетті" деген сөздермен толықтырылсын;

"және кемінде екі жыл жұмыс стажы бар" деген сөздер алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 3-тармақпен толықтырылсын:

"3. Сот орындаушыларына қызметтік күәліктер беріледі, олар ұлгілерін уәкілетті орган бекітетін нысанды киіммен, жетонмен және эмблемамен қамтамасыз етіледі.";

46) 84-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"84-бап. Сот орындаушысының жауапкершілігі

Сот орындаушысының өзіне жүктелген міндеттерді және лауазымдық өкілеттіктерді орындауы немесе тиісінше орындауы Қазақстан Республикасының зандарында белгіленген жауапкершілікке әкеп соқтырады.";

47) 85-бапта "Әділет министрлігі" деген сөздер "үәкілетті орган" деген сөздермен ауыстырылсын;

4 8) 8 6 - б а п т ы н 1 - т а р м а ғ ы н д а :

3) т а р м а қ ш а :

"қажетті" деген сөздің алдынан "өтеусіз" деген сөзben толықтырылсын; мынадай мазмұндағы сөйлеммен толықтырылсын:

"Бұл орайда органдар, ұйымдар, лауазымды адамдар және азаматтар оларды дереу, ал арнайы құжаттарды өндөуді, дайындауды талап ететін жағдайларда үш күннен кешіктірмей сот орындаушысына беруге міндетті.";

14) тармақшадағы "хақылы" деген сөз алып тасталып, нүктенің орнына нүктелі үтір қойылсын, мынадай мазмұндағы 15), 16) тармақшалармен толықтырылсын:

"15) қылмыстық қудалау органына сот актілерін орындаудан қасақана бұлтарған адамдарды қылмыстық жауапқа тарту туралы ұсыныс енгізуге;

16) егер атқару құжатын орындау барысында осындай қажеттілік туындаса, басқа қаланың немесе ауданның сот орындаушыларына жекелеген атқарушылық әрекеттер жасауды тапсыруға құқылы.";

49) мынадай мазмұндағы 86-1-баппен толықтырылсын:

"86-1-бап. Аумақтық бөлімнің басшысы

А у м а қ т ы қ б ө л і м н і н б а с ш ы с ы :

1) өзі басқарып отырған аумақтық бөлімнің жұмысын ұйымдастырып, бақылайды және сот орындаушыларына жүктелген міндеттердің орындалуына дербес жауапты б о л а д ы ;

2) үәкілетті және аумақтық органдардың бұйрықтарының, әдістемелік ұсынымдарының, нұсқауларының және өкімдерінің орындалуын ұйымдастырады;

3) Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен аумақтық бөлімнің ағымдағы шотына өкім жүргізуге құқылы және оның жүргізілуіне жауапты б о л а д ы ;

4) сот орындаушыларының іс-әрекетіне азаматтар мен заңды тұлғалардың шағымдары мен өтініштерін шешуді жүзеге асырады, оларды қабылдауды жүргізеді;

5) аумақтық бөлімнің қызметі туралы статистикалық есептілік жасайды және іс жүргізу мен мұрағат жүргізу жөніндегі жұмысты ұйымдастырады;

6) осы Заңда көзделген атқарушылық іс-әрекетті жасайды;

7) Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген өзге де іс-әрекеттерді жасайды.";

5 0) 8 8 - б а п т а :

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Сот орындаушысы мемлекеттік қызметші болып табылады.";

мынадай мазмұндағы 6-тармақпен толықтырылсын:

"6. Қызметтік күәлік көрсетілгеннен кейін үйге, үй-жайға немесе мемлекеттік

органның, меншік нысанына қарамастан, ұйымның аумағына кедергісіз кіргізуден бас тартып, сот орындаушысының заңды қызметіне кедергі жасалған жағдайда, сот орындаушысы ол туралы акт жасайды, ал кінәлілерді Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жауапкершілікке тарту туралы мәселені шешу үшін материалды орында орнындағы сотқа береді".

5. 1999 жылғы 13 шілдедегі Қазақстан Республикасының Азаматтық іс жүргізу кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1999 ж., N 18, 644-құжат; 2000 ж., N 3-4, 66-құжат; N 10, 244-құжат; 2001 ж., N 8, 52-құжат; N 15-16, 239-құжат; N 21-22, 281-құжат; N 24, 338-құжат; 2002 ж., N 17, 155-құжат):

2 3 6 - б а п т а :

екінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Сот шешімі заңды құшіне енгеннен кейін атқару парагы жазылады, ол өндіріп алушыға беріледі не оның жазбаша өтініші бойынша сот оны аумағы бойынша атқарушылық іс жүргізудің тиісті органына орындау үшін жібереді.

Мұлік тәркіленген, мемлекет кірісіне өндіріп алынған, қылмыспен келтірілген залал өндіріп алынған, алименттер өндіріп алынған, жарақаттанудан немесе денсаулыққа өзге де зақым келуден, асыраушысынан айрылуынан келтірілген залалдың орны толтырылған жағдайларда сот өз бастамасымен атқару құжатын аумағы бойынша тиісті атқарушылық іс жүргізу органына орындауға жібереді";

бесінші бөлік мынадай мазмұндағы сөйлеммен толықтырылсын:

"Сот атқару парагына сот актісінің көшірмесін не соттың мөрімен қуәландырылған оның үзінді көшірмесін қоса тіркейді".

2-бап. Осы Заң ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Президенті